

Ресми рецензент Паржанов Жанибек Ануарбековичтің 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Г.К. Долдашеваның «Ақмола облысы жағдайында жас қой егін өндіру технологиясын жетілдіру» тақырыбындағы докторлық диссертациясына пікір

| № | Өлшем шарттар | Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу) | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету) |
|----|--|--|---|
| 1. | <p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p> | <p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) <u>диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылағын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған</u> (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p> | <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстанның ауылшаруашылық ғылымды дамытудың басым бағыттары, яғни Агроөндірістік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде және №267 “Білім мен ғылыми зерттеулердің қолжетімділігін арттыру” бағдарламасы аясында «Мал шаруашылығы салалары бойынша қарқынды технологияларды әзірлеу» (№ BR06249209) нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламасының «Ақмола облысының қой шаруашылығы саласында тиімді технологияларды әзірлеу» ғылыми-ізденіс тақырыбы бойынша орындалған.</p> |

| | | | |
|----|-------------------------------|--|---|
| | <p>Ғылым маңыздылығы үшін</p> | <p>Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады</u>/қоспайды, ал <u>оның маңыздылығы ашылған</u>/ашылмаған.</p> | <p>Ғылыми-ізденіс жұмысының нәтижелері ауылшаруашылық малдарының, оның ішінде қойлардың ет өнімділігін жетілдіру бағыты бойынша ғылымға елеулі үлесін қосады.</p> <p>Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыста «Ақмола облысы жағдайында жас қой етін өндіру технологияларын жетілдіру» тақырыбына сәйкес қой етін өндіру технологияларының маңыздылығы толыққанды ашылған, яғни әртүрлі жастағы еркек тоқтыларды азықтандыру, жайып және бордақылап семірту негізінде.</p> |
| 3. | <p>Өзі жазу принципі</p> | <p>Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.</p> | <p>Диссертациялық жұмысты диссертанттың өзі жазуы деңгейінің жоғарылығы байқалады. Атап айтқанда, диссертацияны жазу барысында тақырыпқа сәйкес мемлекеттік бағдарламаларды, Президент жолдауларын, нормативтік құжаттарды пайдалана білу, ғылыми-ізденіс нәтижелерін талдай білуі, мақалалар жаза білу шеберлігі мен деңгейі докторанттың өзі жазу деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді.</p> |
| 4. | <p>Ішкі бірлік принципі</p> | <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> | <p>Қорғауға ұсынылған диссертация</p> |

| | | |
|--|--|---|
| | <p>1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p> | <p>тақырыбының өзектілігі жеткілікті негізделген. Диссертацияның кіріспе бөлімінде қой шаруашылығы саласы, оның ішінде жас қой етін өндірудің өзектілігі қамтылған. Сонымен қатар тақырыпқа сәйкес шетел ғалымдарының зерттеу нәтижелері және ҚР «Қазақстан-2030» стратегиялық құжатының мал шаруашылығы, оның ішінде қой шаруашылығын дамытуға бағытталған іс-шаралары келтірілген. Сондықтан диссертация тақырыбының өзектілігі жоғары деңгейде негізделген деуге болады.</p> |
| | <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p> | <p>Диссертация негізінен 4 бөлімнен: әдеби шолу; зерттеу материалдары мен әдістемелері; зерттеу нәтижелері; экономикалық тиімділік және қосымшалардан құралған. Жалпы диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды.</p> |
| | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p> | <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді.</p> |
| | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері</p> | <p>Орындалған диссертацияның</p> |

| | | | |
|----|----------------------------|---|--|
| | | <p>мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ. | <p>барлық бөлімдері мен ережелері толығымен логикалық байланысқан. Бөлімдердің толық логикалық байланысы нәтижесінде диссертацияның сапалы деңгейі байқалады.</p> |
| | | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. | <p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында диссертант ізденіс бойынша жаңа шешімдерін бұрынғы белгілі шешімдермен салыстырып бағалап, сыни талдаулар жасаған. Мысалы, қой шаруашылығындағы орындалатын технологиялық іс-шаралар, тұқымаралық будандастыру, таза тұқымды және будан қозыларды азықтандыру, өсіру технологиясы, әртүрлі жастағы еркек тоқтыларды жайып семірту, бордақылау технологияларын пайдалану арқылы жас қой етін өндіру бойынша жаңа шешімдер мен сыни талдаулар жүргізілген.</p> |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | <p>Ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында алынған ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа.</p> |

| | | | |
|----|--------------------------------------|---|---|
| | | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> | <p>Ғылыми ізденіс барысында алынған ғылыми нәтижелер негізінде диссертацияда жасалынған қорытындылар толығымен жаңа.</p> |
| | | <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> | <p>Тақырыпқа сәйкес диссертацияны орындау барысында алынған және ұсынылған техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдер негізделген және толығымен жаңа.</p> |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | <p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p> | <p>Алынған ғылыми нәтижелер негізінде жасалынған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелденген және негізделген.</p> |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі ережелер | <p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> | <p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес диссертацияға төмендегі негізгі ережелер шығарылған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ғылыми ізденіс жұмыстарына пайдаланылған қой тұжымына сипаттама; - зерттеу барысында пайдаланылған азық түрлері мен сапалық құрамы; |

| | | | |
|--|--|---|--|
| | | <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>;</p> | <p>- жас қозыларды өсіру технологиясы; - таза тұқымды және будан әртүрлі жастағы еркек қозылар мен тоқтыларды жайып семірту технологиясы; - еркек тоқтыларды бордақылау технологиясы; - жайып және бордақылап семірілген еркек тоқтылардың сойыс сапасы; - таза тұқымды және будан қойларынан ет өндірудің экономикалық тиімділігі.</p> <p>Қорғауға шығарылған ережелер дәлелденген.</p> <p>Ережелер тривиалды емес.</p> |
|--|--|---|--|

| | | |
|--|--|---|
| | <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> | <p>Барлық ережелер жаңа.</p> <p>Ережелерді қолдану деңгейі “кең”.</p> <p>Ережелер мақалаларда дәлелденген.</p> |
| <p>8.</p> <p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p> | <p>8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу</p> | <p>Диссертациялық жұмысты орындауға дейін және орындау барысында әдіснама тандау нақты негізделген және жазылған.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи</p> |

| | | |
|--|---|---|
| | және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ. | әдістері мен алынған деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Сонымен қатар зерттеу барысында электронды таразы (ТВ S(M) -150. 2 - A1) рН-метр, ГОСТ 31777-2012, ГОСТ- 32605-2013 стандарттары және Microsoft Excel бағдарламасы пайдаланылған. |
| | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ. | Теориялық қорытындылар, модельдер анықталған, өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. |
| | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған. | Диссертацияда маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді 225 ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. |
| | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз. | Диссертацияны орындау барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға толығымен жеткілікті. |

| | | | |
|-----------|---|---|--|
| <p>9.</p> | <p>Практикалық құндылық қағидаты</p> | <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.</p> | <p>Орындалған жұмыстың теориялық маңызы бар. Яғни ғылыми ізденіс нәтижесінде алынған ғылыми нәтижелер қой шаруашылығында жас қой етін өндіру бағытында пайдалану бойынша теориялық маңызы бар.</p> |
| | | <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.</p> | <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада (қой өсіретін шаруашылықтарда) қолдану мүмкіндігі жоғары. Атап айтқанда, таза тұқымды және бұдан еркек тоқтыларды семірту технологияларын жетілдіру арқылы жас қой етін өндірудің практикалық маңызы жоғары екені дәлелденген. Сонымен қатар алынған нәтижелерді шаруашылыққа (практикаға) енгізу бойынша актілермен расталады.</p> |
| | <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> | | <p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында алынған ғылыми нәтижелер негізінде өндіріске төмендегідей жаңа практикалық ұсыныс жасалынған: Қазақтың қылшық жүнді құйрықты қой тұқымын өсірумен айналысатын Ақмола облысының</p> |

| | | | |
|-----|---------------------------|--|---|
| | | | <p>шаруа қожалықтарында майсыз қозы мен жас қой етін өндіруді ұлғайту мақсатында бір жасқа дейінгі тоқтыларды мақсагты өсіруді, азықтандыруды және жайып семірту мен бордақылауды ұйымдастыруды, сондай-ақ аталған тұқымның саулық қойларына отандық етті тұқымдардың тұқымдық қошқарларын пайдалану ұсынылады. Демек, Ақмола облысында орындалған жаңа ізденіс жұмыстары нәтижесінде жасалынған ұсыныс толығымен жаңа.</p> |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | <p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p> | <p>Ғылыми-ізденіс жұмыстарының нәтижесі бойынша орындалған диссертациялық жұмыстың мемлекеттік тілде академиялық жазу және ресімдеу сапасы «жоғары», яғни диссертацияны оқу барысында оның мазмұны жеңіл және түсінікті қабылданады.</p> |
| 11. | Диссертацияға ескертулер | | <p>Диссертация Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және Ғылым сапасын бақылау комитетінің диссертацияны орындау және ресімдеу талаптарына сәйкес орындалып ресімделген. Сондықтан ұсынылған диссертацияны сараптау</p> |

| | | | |
|-----|--|--|--|
| | | | барысында оның сапасына кері әсер ететін кемшіліктер байқалмады. |
| 12. | <p>Докторант мақалаларының зерттеу бойынша деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p> | | <p>Докторант Г.К. Долдашеваның зерттеу тақырыбы негізінде алынған нәтижелер бойынша баспаларда жарияланған мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары.</p> |
| 13. | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | | <p>Г.К. Долдашеваның 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша «Ақмола облысы жағдайында жас қой етін өндіру технологиясын жетілдіру» орындалған тақырыбына диссертациялық жұмысы өзекті, автордың өзі орындаған және жазған, аяқталған ғылыми-ізденіс жұмыс. Диссертациялық жұмыс Ғылым және жоғары білім министрлігінің Диссертацияларды орындау және ресімдеу ережелерінің талаптарына</p> |

| | | |
|--|--|---|
| | | сәйкес орындалған, сондықтан Г.К. Долдашеваны жоғарыда аталған мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін және диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын. |
|--|--|---|

Ресми рецензент:
Аймақтық инновациялық университетінің Ғылыми
жұмыстар және халықаралық қатынастар жөніндегі
проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,
профессор

Ж.А.Паржанов



Профессор Ж.А.Паржановтың қолымен растаймын

Персоналды басқару
департаментінің басшысы

А.А.Ауелбекова

20.05.2025 ж.